

PhD докторант Арын Айжан Арынқызының
«Қылмыстық сот өндірісінде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етудің
халықаралық-құқықтық стандарттары: Қазақстан Республикасының
заңнамасына имплементациялаудың мәселелері» тақырыбындағы
«6D030200-Халықаралық құқық» мамандығы бойынша PhD докторы
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына
ғылыми кеңесші, заң ғылымдарының докторы, профессор
Айдарбаев Сағынғалий Жоламановичтың

ПІКІРІ

Арын Айжан Арынқызы (1988 жылы дүниеге келген) 2010 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетін үздік деген бағамен бітірді. Сол жылы заң факультетінің магистратурасына оқуға түсіп, 2011 жылы үздік дипломмен аяқтап, «Құқық магистрі» деген академиялық дәрежеге ие болды.

Білімге және ғылымға деген құштарлықпен 2016 аталған жоғары оқу орнының «Халықаралық қатынастар» факультетінің «6D030200-Халықаралық құқық» мамандығының докторантура бөліміне түсті. Оқу кезінде білімге және ғылымның теориялық негіздеріне жоғары ынта танытты, зерттеулік және ізденушілік дағдыларға ие болды.

2012 жылдан бастап оқытушылық қызметті игерді, аға оқытушы қызметін атқарады.

Арын Айжан біліктілігі мол, ғылыми-зерттеушілік тәжірибесі жеткілікті, құқықтану саласының негізі мен теориясын терең әрі жетік игерген өз мамандығының білгір де, қажетті де ғылыми маманы. Ол өзінің білімі мен тәжірибесін зерттеу-зерделеу үрдістерін жүзеге асыру кезінде және оған берілген тапсырмаларды орындау кезінде жоғары іскерлікпен тиімді әрі сәтті қолдана алады.

Айжан республикалық, халықаралық дәрежелердегі ғылыми-тәжірибелік конференцияларға белсенді қатысып тұрады, үнемі қоғамдық және тәрбиелік шараларды ұйымдастырады, мәдени-көпшіліктік шараларға жиі қатысады.

Докторантурада оқу кезінде және жұмыс барысында 15-тен астам ғылыми еңбектері мен шығармалары жарық көрді. БАҚ мен басылым журналдарында ғылыми, кәсіби және имидждік мақалалары бар, сонымен қатар ол түрлі шаралар мен біліктілікті көтеру дәрежелерін дәлелдейтін дипломдарға, мақтау қағаздарына және сертификаттарға ие.

Халықаралық құқық кафедрасының PhD докторантурасында өз зерттеу-зерделеу жұмысын «Қылмыстық сот өндірісінде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық стандарттары: Қазақстан Республикасының заңнамасына имплементациялаудың мәселелері» мәселесіне арнады.

Диссертациялық жұмыс өте күрделі әрі қызықты тақырыпқа арналған. Аталған тақырыпты зерттеу барысында жаңа теориялық тәсілдер мен

ережелер әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасын одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар негізделді.

Диссертация қылмыстық сот ісін жүргізуде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық стандарттарына, оны Қазақстан Республикасының заңнамасына имплементациялаудың мәселелерін талдауға арналған.

Автордың кіріспе, үш тарау, оның ішінде сегіз бөлімшеден тұратын диссертация құрылымы оңтайлы және жеткілікті болып көрінеді. Диссертацияның құрылымы айқын және жақсы ойластырылған, зерттелетін тақырыптар бойынша жаңашылдығымен, тәжірибелік және теориялық маңыздылығымен жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында диссертант Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде күдіктінің құқықтық жағдайының жалпы сипаттамасын қарастыра отырып, күдікті институтының тарихын талдап, оның дамуын төрт кезеңге бөлген.

Диссертациялық жұмыстың екінші тарауында қазіргі теория мен тәжірибеде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз ету бойынша халықаралық-құқықтық стандарттардың түсінігі және құқықтық табиғатына назар аударылған. Аталған тарауда диссертант шет елдің бірқатар елдерінің қылмыстық іс жүргізу құқығын зерттеп, олардың қылмыстық процесілік құқығы бойынша күдіктілердің құқықтық жағдайы, құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалу мәселелесі жете талданған.

Ал үшінші тарауда күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету кепілдіктеріне; күдіктінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау механизміндегі прокурорлық қадағалау және соттық бақылауға, сонымен қатар қылмыстық процесітегі ақтау институтының рөлін талдауға талпыныс жасалған.

Диссертацияны талдау кезінде автор халықаралық құқықтағы шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми әдебиеттеріне шолу жасайды. Автор тұжырымдайтын теориялық ұстанымдар, ғылыми тұжырымдар заңнаманы жетілдірудің теориялық негіздемесі ретінде пайдаланылуы мүмкін, сонымен қатар осы салада одан әрі ғылыми зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.

Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген ізденушінің ғылыми нәтижелері Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу заңын дамыту және жетілдіру бойынша заң шығару және заң қолдану қызметінде, Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы құқықтану және халықаралық құқық мамандықтары бойынша қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, халықаралық қылмыстық құқық, арнайы пәндер мен курстарды оқытуда, сонымен қатар тергеушілердің, прокурорлардың, судьялардың және басқа да тәжірибелік қызметкерлердің, қылмыстылықпен күресуде, алдын алуды жүзеге асыруда, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қамтамасыз етуде, ғылыми жұмыстарды жазуда, ғылыми-зерттеу шараларын жүзеге асыруда және т.б. бағыттарда қолданыла алады.

Белгіленген талаптарға сәйкес диссертациялық жұмыс келтірілген ұсыныстар мен пікірлерді ескере отырып дұрыс құрылды. Кіріспе бөлімінде осы жұмысты зерттеудің қажеттілігі, маңызы кеңінен айтылып кетті.

Зерттеу жұмысының тілі жатық әрі түсінікті, көптеген заң терминдері өте орынды түрде қолданылды. Сонымен қатар диссертациялық жұмыс тақырыбының мазмұны және мәні толық ашылып зерттелді.

Жалпы алғанда жұмыс қойылған талаптарға сәйкес өте жоғары деңгейде жазылды және диссертациялық жұмыс жоғарғы баға алуға лайықты.

Зерттеудің негізгі нәтижелері ізденушінің өзі және авторлар ұжымымен дайындаған жұмыстарда, оның ішінде ізденушінің өзі дайындаған Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету Комитетінің тізімімен ұсынылған басылымдарда жарияланған.

Сөз соңында айтарым, Арын Айжан Арынқызының ұсынылып отырған «Қылмыстық сот өндірісінде күдіктінің құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық-құқықтық стандарттары: Қазақстан Республикасының заңнамасына имплементациялаудың мәселелері» атты PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық жұмысы барлық талаптарға сәйкес келеді және ҚазҰУ-нің диссертациялық кеңесінде қоғамдық қорғауға ұсынылады.

Арын А.А. «6D030200- Халықаралық құқық» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми жетекші,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
Халықаралық құқық
кафедрасының профессоры,
заң ғылымдарының докторы



С.Ж. Айдарбаев